

## ҚАБЫЛДАНДЫ

Қорғаншылық кеңесі  
„Теміртау қаласы әкімдігі Теміртау  
қаласы білім беру бөлімінің  
№ 18 „Балдырған“ балабақшасы“ КМҚК

ҚК өкілі Жолжолжанов Б. Ш.  
«31» маусым 2019 жыл

## БЕКІТЕМІН

„Теміртау қаласы әкімдігі Теміртау  
қаласы білім беру бөлімінің  
№ 18 „Балдырған“ балабақшасы“ КМҚК  
басшының м.а.

Н. Шигабутдинова  
«31» сентябрь 2019 жыл

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### «ҰЛТТЫҚ ӘДЕМІЛІК!»

Теміртау қаласы әкімдігі Теміртау қаласы білім беру бөлімінің № 18 „Балдырған“  
балабақшасы“ КМҚК

#### 1. Жалпы ереже

1.1. Акция «ҰЛТТЫҚ ӘДЕМІЛІК» балабақшаның қайырымдылық қызметі аясында өткізіледі, одан әрі (Инновациялық қатынас арқылы балабақшаның отбасымен жұмысын ұйымдастыру).

1.2. Осы акция мектепке дейінгі жастағы балаларды жалпыадамзаттық құндылық патриоттық және толеранттылыққа тәрбиелеу барысында «Меңгілік Ел» жалпыұлттық идея негізінде жұмыс мазмұнын жетілдіру бойынша балабақшаның жылдық міндетінің шешілуіне әрекет етеді.

1.3. Акция ашық болып табылады, бір кезеңде өткізіледі.

#### 2. Акцияның мақсаты:

2.1. Балабақша өміріне ата- аналарды белсенді қатыстырға шақыру.

2.2. Мейірімділік органы, қатынаста қолайлылықты қамтамасыз ету: ата- ана – ата- ана; ата- ана – педагог; ата- ана – бала; педагог-педагог.

2.3. Ата- аналар және педагогикалық ұжымның ұйымшылдығын қабілеттендіру.

#### 3. Акцияның міндеттері:

3.1. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін қазақтың ұлттық киім дайындау туралы бала- ата- аналар шешімін анықтау және қолдау.

3.2. Балалар және ата -аналар мен педагогтердің бірлескен шығармашылығын, киім дайындау және безендіру үдерісіне танымдық қызығушылығын дамыту.

3.3. Ұлдарға және қыздарға арналған ұлттық нақышты ескере отырып киім үлгілерін дайындауда балалардың, ата аналардың, педагогтердің шығармашылық ынтасын көрсету үшін жағдай жасау.

3.4. Мектепке дейінгі жастағы балалардың эстетикалық талғамын, әдемілікті түсінуін қалыптастыру және тәрбиелеу.

3.5. Барлық жастағы топтың шығармашылық белсенді ата-аналарын топтастыру.

#### 4. Акция қатынасушылары

4.1. Акцияға қатысу үшін түрлі жастағы топ балаларының педагогтері, ата -аналары шақыртылады;

4.2. Тіл ақауы бар балалар үшін қазақтың ұлттық киім үлгілерін дайындап және құрастыратын уақытша шығармашылық топ.

#### 5. Акция шарты

5.1. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін түрлі концертке қатысуға арналған киімдер.

Сан: қыздар үшін 10 киім үлгісі; ұлдар үшін 10 киім үлгісі ( қазақтың ұлттық нақышын ескере отырып бір түсте және бір стилде).

#### 6. Акцияны қаржыландыру

6.1. Мектепке дейінгі жастағы балаларға киім тігудің қаржылық базасы ата- аналар қоғамдастығының еркін демеушілік қаржысы арқылы жүзеге асырылады; (Сметалық-шығыс құжаттамалары дайындалады)

6.2. «Ұлттық әдемілік» акциясы туралы тәрбиеленушілердің ата -аналарына ақпаратты жеткізуге жауапты, балабақшаның ата- аналар комитеті. Балабақшаның қорғаншылық кеңесі акция өткізу туралы шешімді қабылдайды.

## **7. Акцияға қатысу шарты мен өткізу тәртібі:**

7.1. «Ұлттық әдемілік» акциясына қатысуға, топтың әрбір ұжымы балабақшаның әдістемелік кабинетіне бір немесе бірнеше отбасынан қатысуға тапсырыс ұсынады.

7.2. Баланың шығармашылық тобы үшін:

кезең – ұсынылатын киім үлгілерінің фото, суреттердің презентациясын дайындау, дауыс беру арқылы қыздарға арналған бір киім үлгісін, ұлдарға арналған бір киім үлгісін таңдау. Киім үлгілерін тігу үшін қаржылық және материалдық шығынды есептеп және Қорғаншылық кеңес үшін әдістемелік кабинетке ақпарат беру. *(18 қарашаға 2019 ж дейін).*

## **8. Киімді тігуді ұйымдастыруға қойылатын талаптар:**

- ✦ Балалардың жас ерекшелігіне киім үлгісінің сай келуі (4-6 жас);
- ✦ Орындалған өнімнің сапалылығы;
- ✦ Түсінің үйлесуі;
- ✦ Жеке нақыштағы үлгі;
- ✦ Ойдың сонылығы;
- ✦ Үлгінің көркемдігі және ұсынылған киімнің стилі;
- ✦ Шығармашылық даралылық.

## **9. Дайын өнімнің шығуы.**

Ұлттық киімдерді балалардың түрлі ертеңгіліктерге, конкурстарға қолдануы.

## **10. Акцияның өткізілу уақыты:**

30 қарашаға 2019ж дейін

11. Акцияның өтуі туралы ақпарат балабақшаның сайтына орналастырылады.